

Ойыл

МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКТОР МЕРЕЙЛІ ІСТЕРГЕ КҮӘ БОЛДЫ



Өткен аптада Ойыл ауданына іссапармен Қазақстан Республикасының мемлекеттік инспекторы Д.Шарилов пен Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Е.Кенжетанұлы келді. Сапары барысында негізінен аудандағы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өткен әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Одан кейін аудан орталығына келген қонақтар аудандық мәдениет үйінің қазіргі келбетін көрді. 1974

жылы сол уақыттағы жобамен салынған амбулаторияға барды. 2008 жылы салынған амбулатория ғимаратына былтыр 18 711 614 теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ойыл аудандық мәдениет үйі кабинеттері заман ағымына сай жаңартылып, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік инспекторы Д.Шарилов пен Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Е.Кенжетанұлы сапарының соңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудандағы Ойыл аграрлық колледжінің аумағында орналасқан Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарларымен, Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің, аудан тарихының көмбесі Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі және демеушілікпен салынған Ойыл балалар музыка мектебінің тынысымен таныстырды.

С. ҚОЙБАҒАРОВ.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

ҚАЗІРДЕ ДІНИ БІЛІМДІ ИНТЕРНЕТТЕН ІЗДЕП, ЖАТ АҒЫМНЫҢ АРБАУЫНА ТҮСІП ЖАТҚАН АЗАМАТТАР БАР. АУДАНДА ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН АҚТӨБЕ МЭДРЕСЕ КОЛЕДЖІНІ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ БАУЫРЖАН ДОСТАНУЛЫ ӨЗАРА КЕЛІСІМ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ.



Аудан әкімі діни сауатын ашқысы келетін азаматтар үшін осындай оқу орындарының маңызы зор екенін атап өтті. 2008 жылы ашылған бұл медресенің басты мақсаты ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған діни білім беру. Мұнда дін қызметкерлерін даярлайтын оқу бағдарламасы негізінде ислам және иман негіздері оқытылады. Кездесу соңында Бауыржан Достанұлы Ақтөбе медресе колледжі туралы ақпарат берді.

Атағын алды. Шәкірттердің алансыз білім алуына бар жағдай жасалған. 200 адамдық асхана, кітапхана, жатақхана да қарастырылған. Қыздар бөлімінің ашылуы да жоспарланып отыр екен. Шәкірттердің жан-жақты, нағыз тұлға болып қалыптасу жолында білікті де, білімді мамандарымыз аянбай қызмет атқаруда. Қазіргі күнде дін саласында қызмет етіп жүрген түлектері көп. «Біздің міндетіміз осындай діни сауатты, көзі ашық жандарды тәрбиелеп, адал жолға бастау» - дейді Ақтөбе медресе колледжі директорының орынбасары.

Яғни, медресе 2016 жылы колледж

АҚТӨБЕДЕН МАҒҒЫСТАУҒА ВЕЛОСИПЕДПЕН...

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



Өмірдің сан-тарау соқпағы, сан-қилы тағдырлар гасырлар тоғысында тарих боп қала береді-ау шіркін! Кешегі өткен жасылардың жұрнағы, асылдардың сынығы да аразымда екеніне мән бермейтіміз респекті. Тіпті кейде аңғармай да қаламыз. Айға да алғашқылардың бірі болып ұшқанда біздің ерлеріміз. Меккеге ұшақпен емес, осындай ауыр да ұзақ, айшылық жолдарды жаюға бағындырғандар да жұр аразымда. Солардың ешбірі де «Атағын шықпаса жер өртел!» үшін өрекет етпеді.

Өңгіміздің өлкесасында айтқандай, атақ-даңқ үшін емес, тіпті жоқшылық қысып немесе



тоқшылықтан іші пысып емес, алыс жолдарды велосипедпен бағындырып, адамзат өмірінде спорттың маңыздылығын ұғындырумен қатар осындай ісімен кейінгі буынға үлгі көрсеткен біздің бүгінгі кейіпкеріміз ойылдық жерлесіміз, қазіргі таңда Ақтөбе қаласы, Шилісай елді мекенінің тұрғыны Ертарғын Мұхамбетқалиев.

Бірнеше күн бойы Ақтөбеден Маңғыстауға велосипедпен сапар шеккен Ертарғын Мұхамбетқалиев алдымен ата рухына зиярат ету үшін Отпан таудағы Адай атаның басына түнеп, өулие, қасиетті, Пір Бекет атаның басына баруға бағыт қойған. Қиындығы қат-қабат мұндай ұзақ сапарға шығуға екінің бірінші батылы бара қоймайтын белгілі. Ал, 63 жастағы Ертарғын ақсақал үшін бұл алғашқы тәуекел емес. Олай дейтін себебіміз осыдан тура 5 жыл бұрын Бекет атаның басына арнайы барып келгендігі көпке мәлім.

Араға ұзақ уақыт салмай, 362 өулиенің жатқан жері Маңғыстау топырағына қайта сапар шеккен саяхатшы 63 жасқа келсе де, алда өлі талай-талай ат тұяғы талатындай сапарлар күтіп тұрғандығын айтып, бізді де бір теңіт етті.

Сондай-ақ, ұялы телефон арқылы тілдесу барысында ол: «Денсаулығымда да ешқандай сыр жоқ, бұл сапардың алдында медициналық тексеруден толықтай өттім. Әр адам денсаулығына баса назар аудару керек. Спорт адамды жас, көрі деп белгілейді. Шынықсаң шымыр қылады. Менің енді бір айтарым спортпен қатар тамақтанудың да тәртібі бар. Сондықтан қазіргі таңда еліміз жаман аурудан аман шығу үшін әрбір азамат денсаулығын күтіп, спорт пен тамақтану тәртібін сақтауы тиіс», - деді.

Жол бойы аялдап, дем алғаннан кейін сапарын жалғастырып отырған Ертарғын Мұхамбетқалиевтің жол бойы жан-жақтан демеушілік көрсетіп, сәт сайын амандығын біліп тұрған Сәрсенбай Дузмағамбетов, Салауат Алтыбаев, Жанат Есболсынов сынды құрдастарына алғысы шексіз. Оған қоса ардақтап, әрдайым қамқор болып, жанында жайрандап, қайда барса да керек-жарқтарын қамдап беріп жүрген балалары мен келіндеріне де ыстық ілтіпатын жеткізді.

14 күн дегенде Ақтауға аяқ басқан азамат, бұл ісін Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына қосқан аз да болса үлесім деп есептейді.

Оның сөзінше, бұл сапардың мәні тіптен бөлек. Себебі, оның бұл жолғы жоспары бойынша Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарын велосипедпен жүріп өтуге тиіс екен. «Саяхатты жаным сүйеді», - деген Ертарғын ата алдағы уақытта атағы алты алашқа мөшһүр еруақты өулие-өмбелердің басына түнеуден бөлек, Қазақстанның барлық қаласын аралауды көздеп отыр.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР – РУХАНИ ӨМІРІМІЗДІҢ МӘЙЕГІ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӨСІБІ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН «МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР – РУХАНИ ӨМІРІМІЗДІҢ МӘЙЕГІ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.



Айтулы шараның шымылдығын «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин «Өнер адамы» арнауымен түрді. Өрі қарай өсем өнімнен өрленген мерекелік кеште мәдениет саласының ардагерлеріне сый-құрмет көрсетіліп, осы саладағы мерейтой иелерін құттықтады. Біздің аудан мәдениет саласы бойынша олбыстық деңгейде алғашқы үштікке көш бастап келеді. Коронавирус пандемиясы ұшыққан кезде де онлайн форматта халыққа рухани азық беріп келе жатқан мәдениет майталмандарының еңбегі қашанда ерекше. Осы орайда ауданның мәдениетінің асқақтап, алға шығуына сүбелі үлес қосып жүрген мекемелерге аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды.

ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Гүлжан Оңайбаева, аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің жасөспірімдермен жұмыс едіскері Ару Телеу, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының музыка сүйемелдеушісі Гүлжанат Маханова, Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің күзетшісі Қанат Сұлтанов аудан әкімінің алғыс хатын алса, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары Шамшырақ Жоламановаға, аудандық мәдениет үйінің электригі Тұрар Сармағамбетовқа, аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің библиографы Гүлжазира Дауленоваға, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының мәдени ұйымдастырушысы Гүлнұра Бисекеноваға «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы алғыс хаты табыс-талды. Сондай-ақ, салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы Ақтөбе облыстық филиалы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Назира Сәрсембайқызының «Құрмет грамотасы» ұзақ жылдардан бері мәдениет саласында үздіксіз қызмет етіп келе жатқан аудандық мәдениет үйінің үйірме жетекшісі Боранбай Ешпанов пен аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкері Индира Сағатоваға табыс етілді. Сонымен қатар аудандағы мәдениет саласының бірқатар қызметкерлері бөлім басшысы мен мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

